

Көшелерге атау беру туралы

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының әкімдігінің 2008 жылғы 21 қарашадағы N 2774 қаулысы, Өскемен қалалық мәслихатының 2008 жылғы 25 желтоқсандағы N 11/10 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 28 қаңтарда N 5-1-100 тіркелді.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Заңының 13-бабының 4) және 5) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, 31-бабының 2-тармағына сәйкес және Өскемен қалалық ономастикалық комиссиясының 2007 жылғы 23 қазандағы қорытындысы негізінде Өскемен қалалық мәслихаты **ШЕШТІ** және Өскемен қаласының

әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ахмер ауылшының атаусыз көшелеріне келесі:

№ 1 – М е р е й ;

№ 2 – Е ң б е к ш і ;

№ 3 – Қ а й ы н д ы ;

№ 4 – Ү ст а з д а р а т а у л а р ы берілсін.

2. "Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі 2009 жылғы 28 ақпанда дейін көшелерге атау беру бойынша жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Орындалуын бақылау әкімінің орынбасары міндетін атқарушы С.Ж. Жұнисекова жүктелсін.

4. Осы шешім мен қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

H. Баранов

Өскемен қаласының әкімі

T. Қасымжанов

мәслихатының хатшысы

E. Нәбиев

Ө ск е м е н

қ а л а л ы қ